

Тақырып

Климаттық белдеулер

Оқу мақсаты

климаттық белдеулерді атайды, картада көрсетеді, талдайды, салыстырады әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады (негізгі және өтпелі климаттық белдеулердің бір-бірінен ерекшеліктерін анықтау)

Сабақ мақсаты

- Оқушылар негізгі белдеулер мен өтпелі климаттық белдеулерді анықтайды, картадан көрсетеді.
- Климаттық белдеулерді бір-бірімен салыстырады, климаттық белдеулердің қандай ауа массаларының ықпалында болатындығын анықтайды.
- Оқушылар климаттық белдеулердің климатограммасын сызады және талдау жүргізеді.

Бағалау критерийлері

Негізгі белдеулер мен өтпелі климаттық белдеулерді анықтайды, картадан көрсетеді

Негізгі климаттық белдеулердегі температура мен жауын-шашындар бойынша климаттық мәліметтер арқылы климатограммаға талдау жүргізеді

Солтүстік Америка мен Еуразия материгінде орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады

Миға шабуыл

Қандай климаттық белдеулерді білесіздер?

Климаттық белдеулер қандай белгілер бойынша айырмашылық жасайды?

Климаттық белдеулердің пайда болуының негізгі шарттары

Географиялық ендік бойынша жылудың таралуы



Ауа массаларының қозғалысы



13 климаттық белдеу

Кітаппен жұмыс

52-53 бетті оқып келесі сұрақтарға жауап беріңіздер


- Климаттық белдеу бір-бірінен немен ерекшеленеді?
- Өтпелі климаттық белдеуді қалай түсінесіз?
- Климаттық белдеулерді сипаттаңыздар?
(арктикалық/антарктикалық, қоңыржай, тропиктік, экваторлық)

Климаттық белдеулердің негізгі қасиеттері


Негізгі климаттық белдеулер
дегеніміз - бір ғана ауа массасы
басым болатын белдеулер

- **Өтпелі климаттық белдеулер**
дегеніміз – ауа массаларының
жыл мезгілдеріне байланысты
бағыттарын өзгертуі (жазда-
солтүстікке, қыста- оңтүстікке)

Климаттық белдеулер



Картаға қарап климаттық белдеулерді ажыратайық




- 1. Климаттық белдеулердің санын шығарыңыздар?
- 2. Қайталанатын климаттық белдеулерді жазыңыз.

Топтық жұмыс

- Солтүстік Америка мен Еуразия материгінде орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді жоспар бойынша салыстырыңыз
- Екі материкті кесіп өтетін климаттық белдеулер
 - Ауа массасы
 - Шілде мен қаңтардағы ауа температурасы
 - Жауын-шашын мөлшері
 - Алып жатқан ауданы

Бағалау: Топтар бір-бірін бағалайды

Климаттық диаграмма құрастыру жолдары



Егер температура жыл бойы +24 +26 болса және жауын-шашын бірқалыпты түссе бұл экваторлық.

Егер амплитуда 3-7 градус, температура +20 градустан жоғары қысы құрғақ, жазы ылғалды болса бұл субэкваторлық.

Егер амплитуда жоғары, бірақ қысқы температура +10 градустан түспесе бұл тропиктік.

Егер теріс температуралар байқалса бұл қоңыржай, субполярлы, полярлы

Климатограмманы талдайық

Климатограмманы талдау үлгісі:

Қаңтар және шілде айларының орташа температурасы қандай?


Температура амплитудасы қандай және қанша?

Жылдық жауын-шашын мөлшері қандай?

Жауын-шашынның түсу режимі қандай?




- жыл бойы бірдей түсетін айлар
- жыл бойы әр түрлі түсетін айлар

Қандай климат түрі?



ЖҮПТЫҚ ЖҮМЫС

Әр жұп климатограммаға қарап белдеулерді анықтап, дәлелдеңіз
Бағалау: жұптар бір-бірін бағалайды



Не білдініз?



Feedback

Ұсынысыңыз

Талқылау барысында
туындаған сұрақ

Адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа әсері

Оқу мақсаты

Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру

Бағалау критерийлері
қолайсыз атмосфералық 5 құбылысты
жоспар бойыша сипаттап, топта талдайды,
бағалайды

Сөздіктер

Құрғақшылық	-	засушливость
Қуаңшылық	-	засуха
Үсік	—	заморозок
Көктайғақ	—	гололед
Тұман	-	туман
Дауыл	-	шторм

Миға шабуыл

климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері қандай?
Қолайсыз атмосфералық құбылыстардың қандай түрін білесіздер?

Климаттың ауыл шаруашылығына тигізетін әсері де ерекше. Бір дақылдарға жылу, екіншілеріне ылғал, үшіншілеріне жарық көбірек керек.

Республиканың солтүстік және орталық аудандарындағы климат жағдайлары егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік береді, ал оңтүстік аудандарда суармалы егіншілік дамыған. Бірақ климат жағдайлары адамның шаруашылық әрекетіне барлық уақытта қолайлы емес.

Қолайсыз атмосфералық құбылыстардың қандай түрін білесіздер?

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

Мәтінді оқып, кестені толтырыңыз

Құбылыс атауы	Пайда болу жолы	Кездесетін аймақтары	Салдары	Алдын алу немесе шешу жолдары
Аңыз				
Қуаңшылық				
Шаңды дауыл				
Үсік				
Көктайғақ				